

22. World Bank. Final Reports Related to the Proposed Rogun HPP // URL: Available at: <https://www.worldbank.org/en/country/tajikistan/brief/final-reports-related-to-the-proposed-rogunhpp> [Accessed 22 Aug. 2020].

ӘЛЕМДІК САЯСАТТАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»: ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нұралиева Ж., магистрант

Смағұлова Г.М., т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағандық., Қазақстан

Қазіргі кезде жарық көрген ғылыми еңбектерде, басылымдарда және ақпарат құралдарында «жұмсақ күш» (soft power) деген терминді жиі байқауға болады. Бұл термин қайдан шыққан және қандай мағынаны білдіреді, терминді қай салалар кеңінен қолданады, бұл ұғыммен байланысты мақалалар мен мәліметтер неге көбейіп келеді тәрізді көптеген сұрақтар туындайды. Оны білуге деген қызығушылық пайда болады. Сондықтан мақалада әлемдік саясатта қолданылып жүрген осы «жұмсақ күш» ұғымы және оны қолдану жолдары туралы қысқаша қарастырылады.

«Күш» ұғымын теорияландыруға халықаралық қатынастар және саясаттанудың теориялық мектептеріндегі неолибералдық бағыттың өкілі, Гарвард университетінің профессоры кіші Джозеф Най үлес қосты. Ол 1964 жылдан бастап Гарвардта жұмыс істеген Дж. Ф. халықаралық қатынастарды зерттеу Орталығының жетекшісі, Кеннеди атындағы мемлекеттік басқару мектебінің деканы болды. Сонымен қатар академиялық қызметін мемлекеттік қызметпен ұштастыра білген. Дж. Най АҚШ президенті Дж. Картер тұсында 1977-1979 жылдары қауіпсіздік, ғылым және технология бойынша АҚШ мемлекеттік хатшысы орынбасарының көмекшісі болса, Билл Клинтон президенттігі кезінде қорғаныс министрінің халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша орынбасары қызметтерін атқарған. Ұлттық қауіпсіздік саласындағы маңызды қызметтері атқара жүріп, жақсы тәжірибе жинақтаған зерттеуші-ғалым, өзінің теориялық білімін шындай білген. Теорияда Дж. Найдың атын шығарған «жұмсақ күш» ұғымы болды. Ол «күш» ұғымын – «қатан» (hard power) және «жұмсақ» (soft power) деп бөле отырып, күштің екі түрінің табиғаты, өзара ықпалы мен байланысын қарастырады, күштің «жұмсақ» түрі мәжбүрлеуді емес, керісінше сендіруді мақсат етеді. Демек, ықпал саяси, мәдени, дипломатиялық және басқа да күш көрсету немесе күш қолдану емес әдістермен жүзеге асырылады, сондай-ақ, «жұмсақ күш» келісім мен бітімге алып келуге қабілетті. Ол туралы Дж. Най өзінің 1990 жылы жазған «Bound to Lead: The Changing nature of American Power» атты еңбегінде жазды. [1]

2004 жылы Дж. Найдың жаңа кітабы - «Soft Power: The Means to Success in World Politics» [2] шықты. Осы еңбегінде жаһандық саяси процестерге ықпалын тигізетін «жұмсақ күш» идеясын жан-жақты жетілдіре отырып көрсетті, оның мәні мен мазмұнын сипаттады және ақпараттық қоғамдағы «жұмсақ күштің» рөлі мен мағынасын дәлелдеп көрсетті. Осылайша Дж. Най «жұмсақ күш» терминін қолдану айналымына енгізді.

Дж. Най «soft power», яғни «жұмсақ күш» термині мемлекеттің саяси және мәдени ықпалы идеясына айналдырды, нәтижесінде бұл ұғым АҚШ-тың сыртқы саяси тұжырымдамасынан өзінің орнын алды. Кейіннен бұл термин көпшіліктің назарын өзіне аудартып, тез арада саяси дискурста енді. Әлемдік саясаттың көшбасшылары, Батыс елдерінің билеуші элитасы, ғалымдар, сарапшылар мен журналистер кеңінен қолдана бастады.

Дж. Най аталған екінші еңбегінде тағы бір рет қарастырылып отырған тұжырымдаманың мәнін ашуға тырысады. Ол былай деп жазады: «Жұмсақ күш» - басқалардың да өзіңіз қалаған нәтижелерді қалауы, адамдарды мәжбүрлеудің орнына өзіңізге қарай тарту және оларды біріктіру қабілеті.

«Жұмсақ күш» - бұл «жанашырлықты, басқалардың қалауларын қалыптастыру мүмкіндігі», бұл «жұмбақ сырлықсыздықтыратын химия».

«Жұмсақ күш» дегеніміз - бұл басқалардың талғамдарын қалыптастыру қабілеті, олар әдетте материалдық емес активтермен, мысалы, тартымды тұлға, мәдениет, саяси құндылықтар мен институттар және саясатпен байланысты, басқалар оны заңды және моральдық бедел ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, «жұмсақ күш» дегеніміз –өзіне қарай басқалардың жүректері мен сезімдерін өзіне баурап алу қабілеті және басқалардың тілектері мен қажеттіліктерін қалыптастыру мүмкіндігі»[2, б.5-6].

Дж. Найдың жазғандарынан кез келген мемлекет жетістікке жету үшін қарумен қатар, яғни «қатаң» саясаттан гөрі,«жұмсақ күш»механизмін кеңінен қолдануы керек деген ойды түсінуге болады.Атақты саясаткердің пікірінше «жұмсақ күш» елдер арасындағы ұзақ сенімді қарым-қатынас жасауға алып келеді.

Дж. Найдың бірінші кітабының атында «American Power» деп жазғанынан зерттеушінің басты фокусы АҚШ-тың сыртқы саясаты екенін көрсетеді. Біріншіден, АҚШ XX ғасырдың екінші жартысында өзін әлемдік держава ретінде қалыптастырып үлгерді; екіншіден, «қырғи-қабақ соғыс»Штаттардың әлемдегі орнын одан әрі нығайта түсті. Оны Дж. Най халықаралық қатынастарды зерттеуші ретінде мемлекеттік қызмет атқарған жылдары көз жеткізді. Сондықтан ол екінші еңбегінде «жұмсақ күштің» үш негізгі ресурсы туралы жазған болатын [2, б.11]. Олар: мәдениет (ол басқаларға тартымды болатын елдерде), саяси құндылықтар (мемлекет оларға сәйкес өз үйінде (бұл жерде өз елінде деп түсіну керек – авт.) және шетелде әрекет еткен кезде) және сыртқы саясат (ол заңды және моральдық бедел ретінде қарастырылған кезде). Дәл осы ресурстар мемлекетке басқа акторларды сендіру және оларды өз жағына тарту үшін ықпал етуге мүмкіндік береді. Шындығында аталған «жұмсақ күш» ресурстары АҚШ саясатында өте жақсы қолданылды және қолданылып келе жатыр. Себебі, АҚШ үшін нәтижесі болды. Айталық, мәдениетті «жұмсақ күш» ретінде пайдалану, американдықтар үшін қатты қиындық келтірген жоқ. Бұқаралық поп-мәдениеттің (танымал фильмдер, музыка, кітаптар) арқасында АҚШ керемет жетістіктерге жетті. Сондықтан ядролық қарумен қатар мәдениетте, білім саласында, тіпті дін арқылы да АҚШ-тың әлемдегі экспансиясы «жұмсақ күш» элементтерін пайдаланудың бірден бір көрінісі.

XX ғасырдың екінші жартысындағы АҚШ-ғы мәдени революциялар, музыка, кино өнерінің дамуы, спорттағы жетістіктер, еркіндік пен ашық ойлау, қарапайым халықтың Вьетнам соғысына қарсы болуы әлем халықтарын АҚШ-қа тәнті етті. АҚШ түрлі каналдар арқылы өзінің құндылықтарын насихаттаумен кеңінен айналысты. Бұл ұлттық мүддеге зор пайдасын тигізді. Сол арқылы мемлекет өзіне жақтастар мен қолдаушыларды тартты. Бұл биполярлы әлемде АҚШ-тың идеологиялық тұрғыдан басым түсуіне түрткі болды.

АҚШ-та«жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыруда Мемлекеттік департамент (United States Department of State) басты рөл атқарады. Аталған орган басқа елдердегі сыртқы істер министрлігінің эквиваленті. Яғни, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарға жауапты. Мемлекеттік департамент америка халқының атынан демократиялық құндылықтарды бетке ұстай отырып, еркін, бейбіт, дамыған әлемді құруды көздейді. Негізгі бағыттары дипломатиялық қарым-қатынастар, шетелдіктерге арналған білім бағдарламалары, ғылым, мәдениет, адам құқықтары, сауда, технология салаларындағы ынтымақтастық, экономикалық өсімге әсер ету, басқа мемлекеттерге гуманитарлық көмек көрсету, өзге елдермен бірігіп киберқылмыстарға, есірткінің таралуына жол бермеу, осал топтарға жәрдем беру. Бұл бағыттардың қайсыбірі жүзеге асса да, басты бағыт - америка халқының мүдделері, АҚШ еліне пайда әкелу бірінші орында тұрады.

«Қырғи қабақ соғыс аяқталғаннан кейінгі онжылдықта әлем жаһандандудың әсерінен әлдеқайда интеграцияланған, біріккен және либералды идеялардың әсерінен демократиялық сипат алды. Мәжбүрлеу мен қорқыту әрқашан бас тарту нәтижесін тудыруы мүмкін. Экономикалық ынтымақтастықтың артуы азаматтық қоғамның едәуір өсуіне және Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) көмегі және қолдауымен әлемнің барлық аймақтарында тұрақты қауіпсіздік пен дамудың маңыздылығына алып келді. «Жұмсақ күш» қатты күшке қарағанда әлдеқайда тиімді нұсқа болып көрінуде», - деп жазады кейбір зерттеушілер [3]. Бұл пікірмен келісуге болады. Өйткені қазіргі кезде «жұмсақ күш» саясатының құралдары өте көп. Ал оны қолданудың әдістері тіпті көп. Ол туралы американдық ғалым Gene Sharp өзінің «There are Realistic Alternatives» атты еңбегінде «жұмсақ күш» саясатын қолданудың 198 әдісі туралы жазған [4]. Оларды пайдалану арқылы өз саясатын күш қолданбай өзгелерге таңып отырған мемлекеттер көбейіп келеді. Оны біз Қазақстанға қатысты «жұмсақ күш» әдістерін қолданып отырған мемлекеттердің саясатынан көре аламыз. Оған Қазақстанның екі ірі көршісі - Қытайдың және Ресейдің саясатынан жекелеген мысал келтірейік.

Қытай Халық Республикасы – Қазақстанмен екіжақты және көпжақты ынтымақтастық орнатты және оны дамытып келе жатқан алпауыт мемлекет. Оның«жұмсақ күшінің» бір тармағы – тіл саясаты. Қытай тілі - Біріккен Ұлттар Ұйымындағы негізгі жұмыс тілінің қатарында болуы да, бұл тілді үйренгісі келетіндерді қызықтыратыны сөзсіз. Мысалы, қазір қытай тілі әлемнің барлық

елдерітәрізді, Қазақстанның да жекелеген оқу орындарында арнайы оқытылады. Бұдан басқа Конфуция институттары аясында қытай тілін үйренуге болады.

Конфуция институты – Қытай территориясынан тысқары жерлерде қытай тілі мен мәдениетін, тарихы мен білім беру жүйесін оқытатын орталық. Ол Ұлттық қытай тілі кеңсесі Ханбан арқылы басқарылады және Қытай Коммунистік партиясы тарапынан қаржыландырылады.

Америкалық сарапшы Александр Боуи Қытайдың «жұмсақ күші» жайлы зерттеу жұмысында Конфуция институттарына Қытай үкіметі тарапынан қомақты қаржы бөлініп жатқанын жазады [5].

Ал «әлемнің 162 елі мен аймақтарында 550 Конфуция институттары мен 1172 мектептер және сыныптар бар», – деген мәліметті 2019 жылы Ресейдің «РИА Новости» агенттігі жариялады. Міне, осы мәліметтер Конфуция институттары арқылы да Қытай өзінің «жұмсақ күш» саясатын жүргізіп жатқанын байқауға болады [6].

2007 жылы Қазақстанның 4 қаласында - Алматы, Ақтөбе, Нұр-Сұлтан және Қарағандыда Конфуция институттары ашылды. Оның мақсаты – қазақстандықтарға қытай тілі мен мәдениетін үйренуге қолайлы жағдай жасау. Бүгінде еліміздің мыңдаған жастары осындай әдістермен қытай тілін үйренуде.

Қытайдан кейінгі Қазақстанмен көрші үлкен мемлекет – Ресей. Ресей үшін де «жұмсақ күш» саясатының бір бағыты орыс тілі алаңын кеңейту болып табылады. Қазақстанда Ата Заң бойынша қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанына қарамастан, орыс тілінің қолданыс аясы қазақ тілінен кем түспейді. Мұның бірнеше себептері бар. Біріншіден, әлі күнге дейін балабақша, мектептерде екінші тіл ретінде көбіне орыс тілі коммуникация ретінде қолданылады және мектептерде оқытылады; екіншіден, кеңестік дәуірден бері келе жатқан «орыс тілін білмесең, болашақ өмірің қиын болады» деген жалған ұғым әлі де қазақстандықтардың санасынан кеткен жоқ. Сондай-ақ, орыс тілін посткеңестік елдерде дамыту Ресейдің ресми саясатының бір бөлшегі екендігін де мойындау керек.

Геосаяси тұрғыдан екі алпауыт мемлекетпен көрші болған Қазақстан тіл арқылы келетін түрлі идеологиялық шабуылдардың тоғысында орналасқан. Бұл жерде, тіл арқылы келетін әр түрлі құндылықтар таңылып, елдің ішкі тұтастығына, мемлекеттік саясатқа қайшы келетін көзқарастар мен пікірлердің пайда болуы мүмкін екендігін есте ұстаған жөн. Өйткені ұлттық құндылыққа жат, шетелдік құндылықтардың таралуы, мәңгүрттікке әкеледі. Осы тұрғыдан қарастырғанда, Қазақстанның алдында күрделі мәселелер тұр. Бұл ауқымды сұрақ пен жауапты қамтитын болғандықтан, біз ол туралы басқа мақалада қарастыратын боламыз.

Ал Қазақстан Республикасы жеке субъект ретінде әлемдік саясатта кеңінен қолданылып жүрген «жұмсақ күш» терминін қаншалықты өзінің назарында ұстайтындығы және қолданатындығы мәселесіне қысқаша тоқталып кететін болсақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 913 қаулысына сәйкес жарияланған «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасында» «жұмсақ күш» туралы «Қазақстанның сыртқы саясатын дамыту үрдістері мен пайымы» деп аталатын 3-тараудың 15-ші пунктіінде былай деп жазылған:

«... өзінің (Қазақстан – авт.) «жұмсақ күш» тұжырымдамасын іске асырады. Тұжырымдама бейбітшілікті жақтаушы сыртқы саясат, саяси және әлеуметтік орнықтылық, орнықты және серпінді экономикалық өсу, этносаралық және конфессияаралық келісім моделінің тиімділігі, инвестициялық климаттың тартымдылығы, бизнес жүргізудің жеңілдігі, инновациялық білім беру сияқты құндылықтарға негізделеді», ал осы Тұжырымдаманың «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының мақсаттары мен міндеттері» атты 4-тарауының 6-шы пунктіінде «халықаралық қоғамдастыққа қазақстандық «жұмсақ күш» пен ұлттық мәдениетті трансляциялау» керектігі көрсетілген [7]. 6-шы пунктте анық жазылып, айқындалған бағыт қазіргі кезде тәжірибеде біршама қолданылып жүр. Нәтижеде Қазақстан үшін жаман емес. Оған Димаш Құдайберген, Ержан Максим тәрізді қазақ ұлдарының төл мәдениетін әлемге паш етіп, Димаш шырқаған қазақ әндеріне деген қызығушылық, басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген ұмтылысы «халықаралық қоғамдастыққа қазақстандық «жұмсақ күш» пен ұлттық мәдениетті трансляциялаудың» орындалып жатқандығына дәлел болады деп ойлаймыз. Ал бұған спорт және киноиндустрия саласындағы жетістіктерді қоссақ ше?! Ендеше, жас тәуелсіз Қазақстан үшін, бұл жақсы бастама, «ұлттық мәдениетті трансляциялауда» жақсы табыстар бар екенін біле жүрген дұрыс. Осы жерде Дж. Най айтқан «жұмсақ күштің» үш ресурсын қатар пайдалану керек. Әзірше, Қазақстан үшін бірінші ресурс – мәдениет табысты болып тұр деп айтуға толықтай негіз бар. Сонымен бірге осы ресурсты елімізде жүргізіліп жатқан «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» тәрізді мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылып жатқан ауқымды іс-шараларды қазақстандық «жұмсақ күштің» ресурсы ретінде пайдалансақ, әлемдік деңгейдегі Қазақстанның имиджі нығая түсетіні хақ.

Ал «жұмсақ күштің» саяси құндылықтар мен сыртқы саясат атты ресурстары субъективтік факторлармен айқындалады және олар мемлекеттің саяси лидерлерінің тұлғалық қасиеттерімен байланысты. Мемлекетті, қоғамды басқара алатын, стратегиялық маңызды шешімдер қабылайтын, оларды жүзеге асыруда билік ресурстарын пайдаланатын тұлға әрқашан да саяси лидер бола алады және олардың жасаған жұмыстары, атқарған қызметтері басқаларға үлгі болатыны да сөзсіз. Әлемдік деңгейде нағыз саяси лидер мәртебесіне ие болған тұлғалар аз емес. АҚШ-та «жаңа бағыт» саясатын жүргізген Рузвельт, «Американың экономикалық жандануына» түрткі болған «рейганомиканың» авторы Рейган, жасампаз Ататүрік, «неміс ғажайыптарын» жасаған Эрхард, артта қалған Қытайды тарих сахнасына көтерген реформатор Дэн Сяопин, Сингапурды «үшінші әлемнен біріншіге» шығарған Ли Куан Ю тәрізді халқына адал қызмет еткентұлғаларды шын мәнінде саяси лидерлер деп айтуға болады. Атақты француз жазушысы, философ, ағартушы Вольтердің «Мемлекетті құтқару үшін бір ұлы адам жеткілікті» деп айтқаны осындай тұлғаларға арналса керек. Сондықтан ұлттық және саяси құндылықтарды «жұмсақ күштің» ресурсы ретінде қолдануға болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «жұмсақ күш» саясатын тиімді жүргізу әрбір мемлекет үшін жаһандану заманындағы ақпараттық технологиялардың тез дамуына байланысты өзекті мәселе болып табылады деген қорытынды жасалады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. SoftPower. Joseph S. Nye, Jr. ForeignPolicyNo. 80, TwentiethAnniversary (Autumn, 1990)/Nye S.J. BoundtoLead: TheChangingNatureofAmericanPower. – NewYork, 1990.
2. Nye S.J. Soft Power. The Means to Success in World Politics. – New York: Public Affairs, 2004. 192 p.
3. [Электрондық ресурс]. – Қол жетімді: <https://eurasian-research.org/wp-content/uploads/2021/01C-28.12.2020-03.03.2020-No-287.pdf>
4. GeneSharp. There are Realistic Alternatives. - Boston, USA, 2003.- [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.aeinstein.org/wp-content/uploads/2013/09/TARA.pdf>
5. Қытайдың «әлемді жаулау» идеясы қалай жүзеге асырылып жатыр? / [Электрондық ресурс]. – Қол жетімді: <https://informburo.kz/kaz/ytaidy-lemd-zhaulau-ideyasy-alay-zhzege-asyrylyp-zhatyr.html>
6. В миреработает 550 институтов Конфуция. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа:<https://ria.ru/20191210/1562217842.html>
7. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының тұжырымдамасы / [Электрондық ресурс]. – Қол жетімді:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000913>

АҚШ-ТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫ

Сарбасова Ж.М., магистрант

(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Смағұлова Г.М.)

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ., Қазақстан

Халықаралық қатынастарда кез-келген мәселелерді шешуде дипломатияға жүгінеді. Оның атқаратын қызметтеріне байланысты дамудың әр кезеңінде дипломатияның «ашық дипломатия», «жария дипломатия», «қоғамдық дипломатия» тәрізді жаңа түрлері қолданыла басталды. Аталғандардың ішінде «қоғамдық дипломатияның» қазіргі кездегі орны мен рөлі ерекше. Сондықтан бұл мақалада қоғамдық дипломатия мәселесін қарастыруды жөн деп есептедік және «қоғамдық дипломатия» термин ретінде АҚШ-та пайда болып, оның саясат құралдарында кеңінен қолданылғанын ескеріп, оның қазіргі Орталық Азия елдерінде қолданатын қоғамдық дипломатиясы туралы қарастырамыз.

«Қоғамдық дипломатия» термин ретінде АҚШ-тың мерзімді басылымдарының беттерінде ХІХ ғасырда пайда болған. Ал оның қазіргі кездегі түсіндірмесін немесе анықтамасын американдық кәсіби дипломат Эдмунд Галлио 1965 ж. түсіндірген екен, яғни «қоғамдық дипломатия» терминін «насихаттау» терминімен теңестіріп қарастырады. Оның пікірінше қоғамдық дипломатияның мақсаты - мемлекеттің сыртқы саясатын шешуде дәстүрлі емес және бейреми құралдараркылы шешу, атап айтқанда компаниялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, жеке тұлғалардың, халықтың пікірлері арқылы ықпал ете отырып сыртқы саясат мәселелерін шешуше болады [1]